

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді) даярлау және аттестаттау саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1526 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді) даярлау және аттестаттау саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді) даярлау және аттестаттау саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 0

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 5 2 6

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді) даярлау және аттестаттау саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі – ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің Үкіметтері, 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартты,

2009 жылғы 11 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің білім беру саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән бере о т ы р ы п ,

Тараптар мемлекеттерінің білім және ғылым саласындағы дәстүрлі тығыз б а й л а н ы с т а р ы н е с к е р е о т ы р ы п ,

ғылыми байланыстарды сақтауға және дамытуға ұмтыла отырып,
жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді)
даярлау және аттестаттау саласындағы өзара пайдалы ынтымақтастықты жалғастыруға
ұ м т ы л ғ а н д а р ы н р а с т а й о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді) даярлау және аттестаттау саласындағы ынтымақтастықты дәйекті кеңейту жөнінде келісілген шараларды жүзеге асырады.

2-бап

Т а р а п т а р :

жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді)
өзара мақсатты даярлауды және тағылымдамадан өткізуді ұйымдастырады;
келісім бойынша ғылыми қызметкерлер мамандықтарының тізбелерін (номенклатураларын) әзірлеу кезінде өзара консультациялар жүргізеді;
ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды ізденушілерге қойылатын негізгі талаптардың салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

3-бап

Тағылымдамашыларды, ғылыми дәрежелер ізденушілерін, аспиранттарды (адъюнкттерді), докторанттарды, ғылыми қызметкерлерді оқыту, біліктілігін арттыру және диссертациялар дайындау үшін бір Тараптан басқа Тараптың ғылыми ұйымдарына және жоғары оқу орындарына жіберу жіберуші мен қабылдаушы ұйымдардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі айқындалатын Тараптар мемлекеттерінің мүдделі ұйымдары арасында жасалған тікелей шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4-бап

Тараптар жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді) аттестаттау саласындағы ынтымақтастықты:
бір Тарап мемлекеті ізденушілерінің диссертацияларды басқа Тарап мемлекетінің аумағындағы диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестерде қорғауын өткізуді
қ а м т а м а с ы з е т у г е ы қ п а л е т у ;
жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді)

аттестаттаудың, осы кадрларды (қызметкерлерді) аттестаттау мәселелері бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілермен және басқа да материалдармен алмасудың мемлекеттік жүйелеріндегі өзгерістер туралы уақтылы өзара хабардар ету, жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды (қызметкерлерді) жетілдіруге бағытталған даярлау мен аттестаттау тәжірибесімен алмасу бойынша бірлескен іс-шараларды өткізу арқылы дамытады.

5-бап

Диссертацияларды сараптамадан өткізудің сапасын арттыру үшін Тараптар: диссертацияларды қорғау кеңестерінің жұмысына, сондай-ақ өз мемлекетінің аумағында диссертациялар қорғау кезінде ғылыми консультанттар, ғылыми жетекшілер және ресми оппоненттер (рецензенттер, сарапшылар) ретінде басқа Тарап мемлекетінің жетекші ғалымдары мен мамандарын тартуға; басқа Тараптың диссертациялар қорғау кеңестерінде, өз мемлекетінің аумағындағы диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестерде қорғалған диссертацияларды қосымша сараптаудан өткізуге жәрдемдеседі.

6-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында көзделген тәртіппен таниды.

7-бап

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысы қатысушысы өз мемлекеті болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

9-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға байланысты даулар келіссөздер мен консультациялар жүргізу жолымен шешіледі.

Егер дау бір дау тарапы екінші дау тарапына келіссөздер мен консультациялар өткізу туралы ресми жазбаша өтініш берген күнінен бастап алты ай ішінде келіссөздер

мен консультациялар жолымен реттелмесе, онда оны шешу тәсіліне қатысты дау тараптары арасында өзгеше уағдаластық болмаған жағдайда, дау тараптарының кез келгені бұл дауды Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының қарауына тапсыра алады.

10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап 30-шы күнінде күшіне енеді.

11-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап оған ЕурАзЭҚ-қа мүшелікке қабылданған басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Қосылу туралы құжат депозитарийге сақтау үшін тапсырылады.

Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап күшіне енеді.

12-бап

Әрбір Тарап депозитарийді жазбаша түрде хабардар ете отырып, осы Келісімнен шыға алады.

Осы Келісім өзінің қолданысын осындай Тарапқа қатысты тиісті хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап алты ай өткен соң тоқтатады.

201__ жылғы «___» _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы ЕурАзЭҚ Интеграциялық комитетінде сақталады, ол осы Келісімнің депозитарийі бола отырып, оның расталған көшірмесін Тараптарға жібереді.

<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ресей</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасының</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК